

МКҚМ №11 «Аружан» бөбекжай бақшасы

№2

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№2 «Балбөбек» кіші тобы

Тәрбиеші: Жузбаева Г.П

Сугирбаева А.К..

Шымкент 2019 ж

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№2«Балбөбек» кіші тобында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: 20 Желтоқсан 2019ж

Өткізу уақыты: сағат 17:00

Бала саны: 25

Қатысқандар:19

Күн тәртібінде:

1. «Дидактикалық ойын арқылы баланың мәдени-гиеналық машықтарын арттыру» кеңес.
2. Күн тәртібінің бала өміріндегі орны БАЯНДАМА.
Баяндамашы: Жузбаева Г.П.
Баяндама тіркелді.
- 3.Жаңа жылдық сыйлық туралы.
- 4.Әр түрлі мәселелер.

Кеңес:

1. «Дидактикалық ойын арқылы баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру» Тәрбиеші: Сугирбаева А.К. кеңес берді.
Ойын-мектепке дейінгі балалар үшін айналаны танып білу және білім мен тәрбие берудің тарихи қалыптасқан құралы. Арнайы

топтастырылған түрлі ойындар мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулуға жәрдемдеседі, оларда жылдамдық пен күш, төзімділік пен икемділік дайындықтарын жетілдіру. Мектепке дейінгі балалық шақта заттардың, құбылыстардың, іс-пайдалануды талап ететін күрделі де сан алуан міндеттерді баланың шешуіне тура келеді. Ойында, сурет салуда, құрастыруда, жапсыруда, оқу және еңбек тапсырмаларын орындауда бала үйреніп алған іс-әрекеттерді жай ғана пайдаланып қана қоймайды, жаңа нәтижелер ала отырып олардың тұрақты түрін өзгертеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерін қызықтырған мәселелерді түсіну үшін өзіндік эксперименттер жасауға кіріседі, құбылыстарды бақылайды, оларды талқыға салып, қорытындылар жасайды. Мектепке дейінгі балалық шақтың соңында кейбір механикалық физикалық және басқа байланыстар мен қатынастар туралы білімді жаңа жағдайларда қолдана білуді талап етеді. Осы жастағы балалардың жылдың соңына дейін абстрактылы логикалық ойлауы жақсы дами түседі, бірақ тәжірибе түрінде, бала затты көрмей тұрса, берген сұраққа толық жауап бере алмайды. Бала ойлаудың барлық операцияларын жақсы қабылдауға тиіс. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімділігін арттырады. Ойын бұл еркін және өзіндік әрекет, ол баланың жеке қызығушылығынан туады, белсенділігімен ерекшеленіп, шығармашылығын, жоғары сезімділігін көрсетеді. Ойында ғана баланың жеке қажеттілігі мен шектеулі мүмкіндіктері ашылады. «Ойын, сондықтан ойын, ол баланың дердестігі...» мен өз ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімде инновациялық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Инновациялық ойын барысында балалардың танымдық қабілетін, алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін. Тәрбиеші: Сугирбаева А.К. ата-аналарға кеңес берді.

Тыңдалды:

1. «Күн тәртібінің бала өміріндегі орны» атты баяндама оқыды.

Баяндамашы Сугирбаева А.К. оқыды.

Баяндама тіркелді.

Жарыссөз:

Ата-ана: Әбдірахманова Карима сөз алды,

-екінші кіші топта күні бойында неше мәрте тамақ беріледі?,- деп сұрақ қойды.

Тәрбиеші: Жузбаева Гулфайруз екінші кіші топта таңғы ас, түскі ас және бесіндік ас беріледі - деп жауап берді.

Ата-ана: Орманова Асел балабақшаға таңғы нешеде келу керек? Деп сұрады.

Тәрбиеші: Сугирбаева Айжан балабақшаға таңғы 8.15 – те келу қажет.

Ата-ана: Расулова Шахноза балаларымызға жаңа жылдық сыйлықтарды өзіміз алып берсек боладыма?

Тәрбиеші: Сугирбаева Айжан балабақша жаңа жылдық сыйлықты өз есебінен береді.

1. Әр түрлі мәселелер:

Тәрбиеші: Жузбаева Гулфайруз балалардың күн тәртібін сақтау керектігін, төлемақыны әр айдың 10-шы жұлдызына дейін төлеу керектігін ескертті. Балалрдың тазалығына, денсаулығына көңіл бөлу керектігін айтты.

№2 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналарды «Күн тәртібінің бала өміріндегі орны» атты баяндамаға қанағаттанарлық деген баға берілсін.
2. Дидактикалық ойын арқылы мәдени-гигиеналық машықтықтарын арттыру атты кеңес берілсін.
3. Жаңа жылдық сыйлықтар балабақша өз есебінен берілсін.

